

Коммерциялық емес акционерлік қоғам
АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ
Электр станциялары, тораптары және жүйелері кафедрасы

МАМАНДЫҚҚА КІРІСПЕ. ЭЛЕКТРЭНЕРГИЯНЫ ӨНДІРУ, ЖЕТКІЗУ
ЖӘНЕ ТАРАТУ. 2 БӨЛІМ

Лекциялар конспектісі
5B071800 – Электр энергетикасы,
5B081200 – Ауыл шаруашылығын энергиямен қамтамасыз ету
мамандықтарының студенттері үшін

Алматы 2013

Құрастырушылар: В.Н. Сажин, Н.А. Генбач. Мамандыққа кіріспе. Электрэнергияны өндіру, жеткізу және тарату. 5B071800- Электр энергетикасы, 5B081200 - Ауыл шаруашылығын энергиямен қамтамасыз ету мамандықтары үшін лекциялар конспектісі. - Алматы: АЭЖБУ, 2013,- 31 б.

Электрэнергияны жеткізу және тарату жүйелерінің жалпы сипаттамасы қарастырылған. Ауа және кабель желілері элементтерінің қиыстырмалық ерекшеліктері берілген, электрэнергетикалық жүйелерді басқару мәселелері қарастырылған, электрэнергияны қашықтыққа жеткізудің жаңа тәсілдері және электрэнергия тұтынушыларын электрмен жабдықтау жүйелері туралы жалпы мәліметтер жазылған.

Көрнекі материалдар - 13, кесте - 1, библиогр. - 7 атау.

Сарапшы: техн. ғылым. канд., ЭАПУ кафедрасының проф. Ю.А. Цыба

«Алматы энергетика және байланыс университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының 2013 ж. шығару жоспары бойынша басылады.

© «Алматы энергетика және байланыс университеті» КЕАҚ,
2013 ж.

Кіріспе

«Мамандыққа кіріспе. Электрэнергияны өндіру, жеткізу және тарату» пәні бірінші курстың студенттерін олардың болашақ мамандығы – электр энергетикасымен, оның осы кездегі қоғамдағы мәнімен, даму тарихымен және оның техникалық прогреске әсерімен таныстырады. Студенттің болашақ мамандыққа қаншалықты қызығуына байланысты оның кейінгі студенттік, тіпте инженерлік биографиясы едәуір соған тәуелді болады. Оқу процесінде студент болашақ мамандық туралы ғана емес, жоғары оқу орнындағы жұмыс туралы да белгілі ұғымдар алады. Бұл жалпыэнергетикалық пән энергетиканың барлық бөлімдері және олардың өзара байланыстары, энергетикалық жүйелер және оларда жүріп жатқан негізгі электрэнергияны түрлендіру, жеткізу және тұтыну процестері, энергетикалық қондырғылардың жұмыс қағидалары және қиыстырмалық жасалынуы, энергетиканың осы кездегі жағдайы және даму перспективалары туралы ұғым береді.

Лекциялар конспектісі көп көрнекі материалдармен, сұлбалармен жабдықталған сегіз лекциядан тұрады.

1,2 лекцияларда электрэнергияны жеткізу және тарату жүйелерінің жалпы сипаттамасы, негізгі терминдер мен анықтамалар, электр тораптарын жіктеу, электр тораптарына қойылатын талаптар берілген.

3, 4 лекцияларында ауа желілерінің негізгі элементтерінің қиыстырмалары, кабель желілерінің қиыстырмалық ерекшеліктері ұсынылған.

5 пен 7 лекцияларда энергияны айнымалы және тұрақты токпен жеткізу, электрэнергетикалық жүйелерді басқару мәселелері қарастырылған, электрэнергияны жеткізудің жаңа тәсілдері қарастырылған.

8 лекцияда электрмен жабдықтау жүйелері туралы негізгі мәліметтер, негізгі терминдер мен анықтамалар, тұтынушылардың негізгі топтары және электрмен жабдықтау жүйелеріне қойылатын талаптар қарастырылған.

1 лекция. Электрэнергиясын жеткізу және тарату жүйелерінің жалпы сипаттамасы

Лекцияның мазмұны: электрэнергиясын жеткізу және тарату жүйелерінің арналымы және олардың сипаттамалық ерекшеліктері.

Лекцияның мақсаты: негізгі терминдер және анықтамалар, электр тораптарын жіктеуді және оларға қойылатын талаптарды қарастыру.

1.1 Негізгі ұғымдар, терминдер және анықтамалар

Электрэнергияны өндіру бірге жұмыс атқаратын (қатарлас) ірі электрстанцияларда көбінесе шоғырланады. Электрэнергияны тұтыну орталықтары (өндірістік кәсіпорындар, қалалар, ауылдық аудандар және т.б.) олардың көздерінен ондаған, жүздеген километрге қашық орналасқан және едәуір аймақта таралған.

Электрэнергияны жеткізу және тарату жүйесін және «өндіру- жеткізу- тарату» - ң барлық құрылымын сипаттау үшін кейбір ұғымдарды, атауларды және анықтамаларды енгіземіз.

Электр қондырғысы – электрэнергияны өндіруге, түрлендіруге, жеткізуге, таратуға немесе тұтынуға арналған аппараттардың, машиналардың, жабдықтардың және құрылымдардың жиынтығы. Электрқондырғыларын кернеу шамасы бойынша 1000 В дейінгіге (төменгі вольттік) және 1000 В жоғарғыға (жоғары вольттік) бөледі.

Электрстанция – турбо - және гидрогенераторлардың көмегімен табиғи энергия тасушыларында (көмір, газ, су және басқалар) бар энергияны түрлендіру нәтижесінде электрэнергияны өндіруге арналған электрқондырғысы.

Қосалқы станция – трансформаторлардан (автотрансформаторлардан) және басқа ЭЭ түрлендіргіштерінен, таратушы және көмекші құрылғылардан тұратын электрэнергияны қабылдауға, түрлендіруге (трансформациялауға) және таратуға арналған электрқондырғысы. Арналымынан тәуелді қосалқы станциялар трансформаторлық немесе түрлендіргіштік - түзетуші, қозғалтқыш – генераторлық және басқа болып жасалынады. Қосалқы станция жоғарылатқыш болады, егер айнымалы ток кернеуінің шамасы төменгі кернеуден жоғарыға түрленсе (электрстанциялар қосалқы станциялары), және төмендеткіш – жоғары кернеуді төменгіге трансформациялау жағдайында (кәсіпорындардың, қалалардың және басқалардың қосалқы станциялары).

Орталық электр қоректің көзі – құранды шиналарында (қысқыштарында) кернеу режимінің автоматты реттелуі жүретін ЭЭ көзі. Электрстанциялар қатарында бұл жүктеме барда кернеуді реттейтіндерімен жабдықталған (РПН) трансформаторлары, реактивтік қуаттың реттелетін көздері, желілік реттегіштері және басқалары бар қосалқы станцияның шиналары.

Таратушы құрылғы – кез – келген қосалқы станцияның құрамына кіретін электрқондырғы; электрэнергияны бір кернеуде (1000 В дейін және жоғары) қабылдауға және таратуға арналған. ТҚ - ң коммутациялық аппараттары, басқару, қорғау, өлшеу құрылғылары және көмекші құрылымдары бар.

Қосалқы станциялармен қатар электр энергиясы *таратушы пункттерде* – ЭЭ бір кернеуде (трансформациясыз) қабылдауға және

таратуға арналған және қосалқы станция құрамына кірмейтін құрылғыларда таралуы мүмкін.


Электрберіліс желісі – қашықтыққа электрэнергияны жеткізуге арналған электрқондырғысы. Желілер ауа, кабель және өндірістік кәсіпорындарда және электрстанцияларда ток өткізгіштері және ғимараттар мен құрылымдардағы ішкі тартылымдар түрінде жасалынады.

Электрэнергия тұтынушысы, электрқабылдағышы – электрэнергияны тұтынатын немесе оны энергияның басқа түрлеріне түрлендіретін аппарат, агрегат, механизм. Тұтынушыларға әртүрлі кернеудегі қосалқы станцияларының шиналарынан электр қорегін алатын электр жүктемелерінің (ЭЖ) (үй, қыстақ, зауыт және т.б.) жиынтығы жатады. Бір қатар жағдайларда тұтынушылар ретінде тұрғын ауданның, өндірістік кәсіпорынның және басқа нысандардың электрмен жабдықталуы іске асатын қосалқы станцияларды қарастырады.

Электрэнергияны жеткізу және тарату жүйесінің элементтері болады: қиыстырмалары және кернеулері әртүрлі **электрберіліс желілері (W)**, ЭБЖ параметрлерін **бойлық және көлденең өтемдеудің құрылғылары (ӨК)** (көлденең өтемдеудің құрылғылары және шунттайтын реакторлар); **трансформаторлық қосалқы станциялар** (күштік трансформаторлар (Т) және **автотрансформаторлар, ажыратқыштар, айырғыштар, бақылаушы – өлшеуші аспаптар және т.б.**); **реактивтік қуаттың көздері (РҚК)** (конденсаторлық батареялар, синхронды және статикалық тиристорлық өтемдеушілер); **қорғаныс және автоматика құрылғылары**, яғни автоматтық реттегіштер (АР), релелік қорғаныс (РҚ) және апатқа қарсы (АҚ) автоматиканың құрылғылары, **диспетчерлік және технологиялық басқарудың құралдары (ДТБҚ)**.

Электрберіліс – бұл төмендеткіш қосалқы станцияның төменгі кернеу шиналарынан электрэнергияны алатын шоғырланған тұтынушыға станциядан электрэнергияны транзиттік беруге арналған жоғарылатқыш және төмендеткіш қосалқы станциялары бар желі.

Электр торабы – ЭЭ электрстанциядан тұтыну және тұтынушылар арасында тарату орындарына беруге арналған түрлендіруші қосалқы станциялардың, таратушы құрылғылардың, ауыстырып қосқыш пункттердің және оларды жалғайтын электрберіліс желілерінің бірлестігі. Электр торабы электрберілістің дамыған жоғарывольттік торабына эквивалентті. Бөлек электрберіліс қысқа мағнада электр торабы болады. Дамыған электр торабы электрқондырғылардың құрамы және функционалдық арналымы бойынша электрэнергияны жеткізу және тарату жүйесін құрады.



1.1 суреті – Электр және жылу энергиясын өндіруді, беруді, таратуды және тұтынуды қамтамасыз ететін нысандардың өзара байланысы

Қазіргі жағдайда бөлек электрберілістер және электрэнергияны жеткізу және тарату жүйелері түгел бөлек жұмыс атқармайды; олар жалпы электр жүктемесіне бірігіп жұмыс атқару және барлық тұтынушыларды электрэнергиямен орталықтан жабдықтау үшін электр станциялардың көбісін электрэнергетикалық жүйеге байланыстырады (біріктіреді).

Электрэнергетикалық (электрлік) жүйе (ЭЭЖ) – режимнің ортақтығымен және өндіру, жеткізу және электрэнергияны тұтыну

процестерінің үзіліссіздігімен (бір уақыттылығымен) біріктірілген электрстанциялардың электр бөлігінің, электр тораптарының (электрберіліс тораптарының) және электрэнергия тұтынушыларының (электрқабылдағыштардың), сонымен қатар басқару, реттеу және қорғаныс құрылғыларының жиынтығы.

Энергетикалық жүйе (энергия жүйесі) – электрстанциялардың, электр және жылу тораптарының және электр және жылу энергиясын өндіру, жеткізу, тарату және тұтыну үшін қондырғылар мен құрылғылар қатарының бірлестігі. Қондырғылар мен құрылғылар: энергия көздері – бу қазандықтары (БҚ) немесе гидротехникалық құрылымдар (ГТҚ), турбиналар (Т), генераторлар (Г); жүктемелер – электр (ЭТ) және жылу тұтынушылары (ЖТ) және басқалары.

Электр торабына қарағанда «*электрмен жабдықтау*» кеңірек ұғым. Ол тұтынушыларды электрэнергиясымен қамтамасыз етуге арналған барлық электрқондырғыларды біріктіреді. 1.1 суретінен электрмен жабдықтау жүйесі энергетикалық жүйенің – электрэнергетикалық жүйенің электр бөлігіне эквивалентті екені түсінікті.

2 лекция. Электр тораптарын жіктеу. Электр тораптарына қойылатын талаптар

Лекцияның мазмұны: электр тораптарын жіктеу. Электр тораптарына қойылатын талаптар.

Лекцияның мақсаты: электр тораптарының әртүрлі нышандар және электр тораптарына қойылатын талаптар бойынша жіктелуін зерттеу.

Электр тораптарын бір қатар **көрсеткіштер** бойынша жіктеу тиімді, олардың ішіндегі негізгілері: **қиыстырмалық жасалынуы, токтың тегі, номиналды кернеуі, тораптың арналымы, торап сұлбасының конфигурациясы.**

Қиыстырмалық жасалуы бойынша ауа, кабель желілерін және ішкі тартылымдарды айырады. Ауа желісі деп тіректерде жердің үстінде оқшаулағыштардың көмегімен ілінген оқшауланбаған сымдармен жасалған желіні айтады.

*Кабель деп өзара және қоршаған ортадан оқшауланған сымдардың жүйесін айтады. Кабельден жасалған желілер немесе кабель желілері, әдетте жерде төселеді. Бұның өзінің **құндылықтары** да – қауіпсіздік, пайдаланудан шығатын аймақтың қысқаруы, **кемшіліктері** де – үлкен құны, эксплуатацияның және зақымдарды жою қиындығы, жасау күрделілігі бар.*

Ішкі тартылымдар оқшаулағыштар немесе құбырларда ғимараттардың қабырғалары және төбелерімен немесе қабырғалардың ішімен және арнаулы шина өткізгіштермен төселетін оқшауланған сымдармен жасалынады.

*Токтың тегі бойынша **айнымалы** және **тұрақты** токтың тораптарын айырады. Айнымалы токтың негізгі тораптары үшфазалық болып жасалынады.*


Қазіргі уақытта тұрақты ток тораптары өндірістік кәсіпорын тораптары үшін салыстырмалы сирек жасалынады (мысалы, электролиз цехтарында, алюминий зауыттарында).

Кернеу бойынша электр тораптарын төменгі вольттікке (1000 В дейін) және жоғары вольттікке (1000 В жоғары) бөлуге болады.


*Арналымы бойынша тораптар **қоректендірушілерге** және **таратушыларға** бөлінеді. **Қоректендіруші желі** деп таратушы пунктты немесе қорек орталығынан электрэнергияны ұзындығы бойынша таратпай қосалқы станцияны қоректендіретін желіні айтады. **Таратушы желі** деп **трансформаторлық қосалқы станциялардың қатарын** немесе **тұтынушылар электрқондырғыларына келетін кірмелерін қоректендіретін желі саналады.***

*Тораптың сұлбалары **конфигурация** бойынша **тұйықталмаған** және **тұйықталғанға** бөлінеді. **Тұйықталмағанға** жүктемелері тек бір жақтан электрэнергияны алуға мүмкіндігі бар желілерден құралған тораптар жатады*

(2.1 сур.). *Тұйықталған тораптар* деп кемінде екі жақтан тұтынушыларды электрмен жабдықтау мүмкіндігі бар тораптарды айтады (2.2 а, б сур.).



2.1 суреті – Тұйықталмаған торап



2.2 суреті - Тұйықталған торап

2.1 Электр тораптарына қойылатын талаптар

Электрэнергияны өндіретін электрстанциялардан оны электртұтынудың ірі аудандарына немесе электрэнергетикалық жүйелердің таратушы түйіндеріне дейін беру жүйесінің негізін құрайтын *электрберілістің дамыған тораптары* немесе жүйе ішіндегі және *жүйе аралық маңызы бар* (жүйе құраушы тораптар) бөлек *электрберілістер* және кернеуі *220 кВ және жоғары қоректендіруші тораптар*. Олардың пайда болуы ЖЭС және АЭС тұрғын аймақтарының сыртына орналастыру қажеттілігімен және ЭЭ бөлігін қалалардан салыстырмалы қашық жайғасқан гидроэлектрстанциялардың өндіру мүмкіндігімен туындаған. Электрстанциялардың және ең ірі қосалқы станциялардың қатарлас жұмысына біріктіретін электрберілістің жүйе ішіндегі және жүйеаралық магистралды желілері қашық (ұзақ) ЭБЖ қосқанда *жүйе құраушы торапты* жасайды. Мұндай тораптың арналымы – ЭЭЖ

(электрэнергетикалық жүйе) қалыптастыру және сонымен бірге электрэнергияны жеткізу, транзит функцияларын орындау.

Электр тораптары тұтынушыларын **сенімді** электрмен жабдықтауын және электрэнергияның **қажетті санын** қамтамасыз ету керек. Мұнда тораптардың жұмысы ең **үлкен үнемділіктің талаптарына** сәйкес болу керек. Бұның жобалау шарттарына және эксплуатация жағдайларына да қатынасы бар. Тораптарға байланысты **бес талапты** бөлуге болады:

Жұмыстың сенімділігі. Тұтынушыларды электрмен жабдықтаудың *сенімділігі туралы мәселе* тораптың барлық элементтері іс жүзінде уақыт өткесін *зақымдалуымен* байланысты пайда болады. Зақымдар **найзағай, жел** әсері өскенде, ауыр **көк мұздар** пайда болғанда және т.б. пайда болуы мүмкін. Электрмен жабдықтаудың сенімділігін өсіру тек торап элементтері *зақымдалуының төмендеуі және резервтеуімен* емес, экономикалық жағынан тиімділеу болуы мүмкін басқа тәсілдермен де қамтамасыз етілуі мүмкін. Сенімді электрмен жабдықтауды қамтамасыз ету үшін резервтеуден басқа *релелік қорғаныс және автоматиканың* сенімді жұмыс жасайтын құрылғылары қажет: АҚҚ (АПВ) – автоматты қайта қосу, РАҚ (АВР) – резервті автоматты қосу, АЖЖА (АЧР) – автоматты жиіліктік жүктемені азайту.

Электрэнергияның сапасы. Әрбір тұтынушы сапалы электрэнергияны алуға тиісті. Бұл электрэнергия сапасының негізгі көрсеткіштерімен анықталады: *кернеу деңгейімен, жиілік деңгейімен, үшфазалық кернеудің симметриясымен және кернеу қисығының формасымен.*

Электрэнергияның сапасы қазіргі электрқабылдағыштар саны үлкен ұзақ электр тораптарында торап жұмысының көптеген жағдайларынан тәуелді. Ол тораптың әртүрлі орындарында іс жүзінде әртүрлі болуы мүмкін, бірақ арнаулы құрылғыларды қолданғанда реттеуге келеді.

Үнемділігі. Торап үнемді болу үшін торап сұлбаларының ең тиімді конфигурацияларын, кернеулерді, сымдардың қималарын және т.б. таңдау қажет. Сондықтан бірнеше нұсқа қарастырылады, оларды **«келтірілген**

шығындар» деп аталатын орнатылған критерий бойынша өзара салыстырады. *Бұл критерий энергияның шығындарын, күрделі қаржыларды және ысырапты ескереді. Келтірілген шығындары минималды нұсқа оңтайлы болады.*

Эксплуатацияның қауіпсіздігі және ыңғайлылығы. Қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін техникалық эксплуатация Ережелеріне (ПТЭ) сәйкес жерлендірулерді, қоршауларды, сигнализацияны, арнаулы киімді және басқа саймандарды қолданады.

Қауіпсіздікті қамтамасыз етуден басқа эксплуатацияның ыңғайлылығы қарастырылу керек: **эртүрлі ауыстырып қосулардың, жөнделетін жабдыққа жақындаудың ыңғайлылығын, бақылау үшін өтпе жолдардың жеткіліктілігін және т.б.**

Одан әрі дамудың мүмкіндігі. Электр торабы жүктемелердің өсуі және жаңа тұтынушылардың үзіліссіз пайда болуына байланысты үнемі даму және қайта құру жағдайында болады. Желілер және трансформаторлық қосалқы станциялар аумақтырылады, қайта құрылады. Торапты күрделі қайта құрып жатпай оны одан әрі кеңейту мүмкіндігі болу үшін электр торабын жоспарлау керек.

3 Лекция. Электрберіліс ауа желілерінің негізгі элементтерінің қиыстырмалары

Лекцияның мазмұны: ауа желілерінің сымдары және найзағайдан қорғайтын тростар, АЖ тіректері, оқшаулағыштар және желілік арматура.

Лекцияның мақсаты: электрберіліс ауа желілерінің қиыстырмалық ерекшеліктерін зерттеу.

3.1 Жалпы баптар

Электрберіліс ауа желілері (АЖ) электрэнергияны сымдармен қашықтыққа жеткізуге арналған. Негізгі қиыстырмалық элементтері болатындар сымдар, найзағайдан қорғайтын тростар, тіректер, оқшаулағыштар және желілік арматура. *Сымдар* электрэнергияны жеткізуге арналған. АЖ найзағайдың асқын кернеулерінен қорғау үшін тіректердің жоғары жағындағы сымдардың үстінен найзағайдан қорғайтын тростарды монтаждайды.


Тіректер сымдар мен тростарды жер немесе судың деңгейінен белгілі биіктікте ұстайды. *Оқшаулағыштар* сымды тіректен оқшаулауға арналған. *Желілік арматура* сымды оқшаулағыштарға және оқшаулағыштарды тіректерге бекітуге арналған.

Ең кеңінен тараған бір – және екітізбекті АЖ. Үшфазалық АЖ бір тізбегі әртүрлі фазалардың сымдарынан тұрады. Екі тізбек те бір тіректе жайғасулары мүмкін.

3.2 АЖ сымдары және найзағайдан қорғайтын тростар

АЖ – де көбінесе оқшауланбаған (жалаңаш) сымдар қолданылады. Қиыстырмалық жасалынуы бойынша сымдар бір – және көпсымды, қуыс болады (3.1 суреті). Бірсымды, көбінесе болат сымдар, төменгівольттік тораптарда шектеулі пайдаланылады. Иілгіш және механикалық беріктілігі жоғары болу үшін сымдарды бір металдан (алюминий немесе болат) көпсымды және екі металдан (құрамдастырылған) – алюминий және болаттан жасайды. Сымдағы болат механикалық беріктілікті көбейтеді.

Механикалық беріктіліктің шарттарынан, маркалары А және АКП алюминий сымдарын (3.1 суреті) кернеуі 35 кВ дейінгі АЖ қолданады. 6–35 кВ ауа желілері де болаталюминий сымдарымен жасалынады, ал 35 кВ жоғары желілер тек болаталюминий сымдарымен монтаждалады.




a - бірсымды; *б* – көпсымды; *в* – болаталюминий;
г – толтырғышы бар көпсымды; *д* – қуыс.

3.1 суреті - АЖ оқшауланбаған сымдарының қиыстырмалары

Болаталюминий сымдарының болат өзекшесінің айналасында алюминий сымдарынан жасалған ораулары бар. Болат бөлігі қимасының ауданы әдетте 4...8 есе алюминийдікінен аз, бірақ болат барлық механикалық жүктеменің шамамен 30...40 % қабылдайды; мұндай сымдар ұзын өткіндері бар желілерде және ауа - райы жағдайы ауыр аймақтарда пайдаланылады (көк мұз кемерінің қалыңдығы үлкен). Болаталюминий сымдарының маркасында алюминий және болат бөліктерінің қимасы көрсетіледі, мысалы, АС 70/11, және датқа қарсы қорғанысы туралы мәліметтер, мысалы, АСКС, АСКП – АС сияқты сымдар, бірақ өзекшесі (С) немесе сымның барлығы (П) датқа қарсы маймен толтырылған; АСК – АС сияқты сым, бірақ өзекшесі полиэтилен үлпегімен жабылған. Датқа қарсы қорғанысы бар сымдар алюминий және болатқа бұзатын әсер жасайтын қоспаларымен ауасы ластанған аудандарда қолданылады. Сымдардың кима аудандары Мемлекеттік стандартпен нормаланған. Өткізгіш материалының шығыны өзгермегенде сымдар диаметрінің өсуі диэлектриктен жасалған толтырғышы бар сымдарды және қуыс сымдарды қолданумен іске асады (3.1, *г*, *д* суреті). Қазіргі уақытта шетелде сымдардың жаңа қиыстырмалары кеңінен қолданылуда. Бұл сериясы АЕРО–Z қомақты сымдары (3.2 суреті) және жоғары температуралы сымдар. Бұл сымдарды қолдану оларды пайдаланғанда келесі құндылықтарды берді:

- қолданыстағы желілердің өткізу қабілеті өсті;
- ЭБЖ тіректеріне түсетін сымдар серпілуінің механикалық жүктемелерінің төмендеуі;
- сымдар мен тростардың датқа шыдамдылығының өсуі;
- сыртқы әсерлердің себебінен, оның ішінде найзағайдың соғу нәтижесінен, бірнеше сыртқы сымдардың біршама зақымдалғанында сымның үзілу мүмкіндігінің төмендеуі;
- қар жабысқанда немесе мұз пайда болғанда сымдардың механикалық қасиеттерінің жақсаруы.



3.2 суреті – АЕРО – Z сымның қиыстырмасы

3.3 Ауа желілерінің тіректері

АЖ тіректері **анкерліктерге** және **аралықтарға** бөлінеді. Бұл тіректердің сымдарды ілу тәсілімен айырмашылығы бар. **Аралық тіректер** оқшаулағыштар гирляндарының көмегімен **сымдарды сүйемелдейді**. **Анкерлік тіректер** сымдарды **керуге арналған**. Аралық тіректер арасындағы қашықтық **аралық өткін** немесе қарапайым өткін деп, ал анкерлік тіректер арасындағы қашықтық – **анкерлік өткін** деп аталады.

Анкерлік тіректер АЖ - ң ерекше жауапты нүктелерінде сымдарды қатты бекіту үшін арналған: маңызды инженерлік құрылымдардың қиылыстарында (мысалы, темір және автомобиль жолдарының), АЖ соңдарында және оның айландалары түзулерінің соңдарында. Анкерлік тіректер аралықтардан

маңызды күрделі және қымбат, және сондықтан әр желіде олардың саны минималды болу керек.

Желінің бұрылатын нүктелерінде **бұрыштық тіректерді** орнатады. Олар анкерлік немесе аралық типті болуы мүмкін.


АЖ – де типтері келесі арнаулы тіректер қолданылады: **транспозициялық** – тіректердегі сымдардың орналасу тәртібін өзгерту үшін; **тармақтық** – негізгі желіден тармақ жасау үшін; **өтпелі** – өзендерден, шатқалдардан және т.б. өту үшін.

Материалы бойынша тіректер **ағаш, метал және темірбетон** тіректеріне бөлінеді.

Ағаш тіректері 110 кВ дейінгі АЖ – де, негізінде орман қорларымен бай аудандарда қолданылады. Ағаш тіректерінің кемшілігі – ағаштың **шіруге** ықпалдығы және соған байланысты аз қызмет мерзімі.


Метал тіректері (болат) 35 кВ және жоғары АЖ – де қолданылады, жоғары механикалық беріктілігі бар және қызмет мерзімі үлкен (3.3 суреті). Бірақ оларға металдың үлкен мөлшері қажет және оларды үнемі сырлап тұру керек.

Темірбетон тіректері (3.4 суреті) 500 кВ дейінгі кернеулердің барлық кластары үшін қолданылады, **қызмет мерзімі ағаштікінен ұзақ, бөлшектері даттанбайды, эксплуатацияда қарапайым және сондықтан кеңінен тараған.** Олардың **құны аз, бірақ массасы үлкен, бетон беті салыстырмалы омырылғыш және көлденең майысуға беріктілігі аз.**



a – 35...330 кВ мұнаралы типті аралық біртізбекті; *б* – 35...330 кВ мұнаралы типті аралық екітізбекті; *в* – 110...330 кВ тартулардағы аралық біртізбекті ; *г* – 500 – 750 кВ аралық еркін тұрған («рюмка» типті).

3.3 суреті - АЖ – де метал тіректерін қолдану және тіректердің типтері




a – аралық 6–10 кВ; *б* – тартулардағы 35 ... 220 кВ анкерлік - бұрыштық біртізбекті; *в* – 110 – 220 кВ аралық екітізбекті; *г* – 330 – 500 кВ аралық біртізбекті порталды.

3.4 суреті - АЖ – де темірбетон тіректерін қолдану және тіректердің типтері

3.4 Оқшаулағыштар және желілік арматура


Оқшаулағыштар фарфордан немесе шыныққан шыныдан жасалынады және екі түрі болады: **ұшты** – 1 кВ дейінгі және 6 –35 кВ желілері үшін; 35 кВ желілерінде олар сирек қолданылады – тек аз қималар үшін; **іlmелі** - 35 кВ және жоғары желілер үшін. **Іlmелі** оқшаулағыштар сымды сүйемелдейтін гирляндарға аралық тіректерде, ал керілетін гирляндар – анкерлік тіректерде жиналады.



a - кернеуі 1 кВ дейінгі; *б* - кернеуі 10 кВ.


3.5 суреті – Ұшты фарфор оқшаулағыштары

Ілінетін гирляндalarda сым тек қысқыштардың көмегімен сүйемелденеді, керілетіндерде – қатаң бекітіледі. Керілетін гирляндalar сүйемелдейтіндерге қарағанда ауыр жағдайда болады. Сондықтан 110 кВ дейінгі желілерде оқшауламалар саны біреуге артық болады.



3.6 суреті - ПФ (а) және ПС (б) ілінетін оқшаулағыштары

Соңғы кезде эксплуатацияда полимерлік қорғаныспен қапталған шыны пластигінен жасалған жоғары берік сырықтарының негізіндегі ұзынсырықты оқшаулағыштар кеңінен қолданылады (3.7 суреті).



а) – этиленпропилен мономерлерінен жасалған тарелкаларымен; б) – кремнийорганикалық резинадан жасалған дамыған бетімен; в) – сырықтың фторопласт қорғаныс қабатымен және фторопластық тарелкаларымен.

3.7 суреті – Полимерлік оқшаулағыштар

Осы кездегі полимерлік оқшаулағыштың құрамалы қиыстырмасы бар, оның бөліктері өздерінің белгілі функцияларын орындайды. Оқшаулағыштың көтеретін компоненті ретінде бір жаққа бағытталған шыныпластик сырық қолданылады. Ол полимерлік байланыстыратын құраммен бірге жалғанған және жоғары механикалық беріктілігі бар ондаған мың жіңішке шыны талшықтардан тұрады. Сенімді жұмысын қамтамасыз ету үшін оқшаулағыштың бетімен токтың ағып кету жолының ұзындығын көбейту үшін ластанған атмосфера жағдайында шыныпластикі сырығына оқшаулағыш тарелкалары бекітіледі. Тарелкалар көтеретін шыныпластикі сырығын даттың барлық түрлерінен, атмосфералық және химиялық әсерлерінен қорғайтын қабығында бекітіледі. Оқшаулағыштың көтеретін ұштарында арқауы салынған метал ұштары оқшаулағыштың қажетті беріктілігін және сенімділігін қамтамасыз етеді. Мұндай оқшаулағыштар кернеудің тиісті кластарының АЖ – де толық гирляндарды ауыстыруға мүмкіндік береді, сонымен АЖ сенімділігін қамтамасыз етеді. Полимерлік оқшаулағыштардың массасы тарелкалы оқшаулағыштардың тиісті гирляндарының массасынан 5 ... 20 есе аз. Бұл мұндай оқшаулағыштардың тасымалдағанда, АЖ монтаждағанда және эксплуатациясында құндылығын қамтамасыз етеді.

4 лекция. Кабель желілерінің қиыстырмасы туралы негізгі мәліметтер

Лекцияның мазмұны: күштік кабельдің негізгі элементтері.

Лекцияның мақсаты: күштік кабельдердің қиыстырмалық ерекшеліктерін және олардың сипаттамаларын зерттеу.

Күштік кабельдер бір – бірінен және жерден оқшауланған бір немесе бірнеше ток өткізетін талсымдардан тұрады. Оқшауламаның сыртынан оны ылғалдан, қышқылдардан және механикалық зақымдардан сақтау үшін


қорғаныс қабығын және қорғаныс қабаттары бар болат таспадан жасалған құрсауды салады. *Ток өткізетін талсымдар*, әдетте, алюминийден бірсымды және (қимасы 16 мм² дейін) көпсымды болып жасалынады.

Оқшаулама ток өткізетін талсымдарға таспа түрінде салынатын арнаулы минералды маймен қаныққан кабель қағазынан жасалынады. Кабельдерді тік және тік көлбеулі трассаларда төсегенде кабель бойымен қанықтыратын құрамның жылжуы мүмкін. Сондықтан мұндай трассалар үшін оқшауламасы аз қаныққан және қанықтыратын құрамы ақпайтын оқшауламалары бар кабельдер жасалынады.

Оқшауламаның сыртынан оны ылғал және ауадан сақтау үшін салынатын *қорғаныс қабаттары* қорғасыннан, алюминийден немесе поливинилхлоридтен болады. Алюминийден жасалған қабығы бар кабельдерді кеңінен пайдалану ұсынылады. Қорғасын қабығы бар кабельдер судың астында, көмір және тақта тас шахталарында, аса қауіпті белсенді даттанатын орталарда төсеуге арналған. Қалған жағдайларда қорғасын қабығы бар кабельдерді таңдауды арнайы техникалық деңгейде негіздеу керек.

Қорғасын, алюминий немесе поливинилхлорид қабықтарды механикалық зақымдардан қорғау керек. Ол үшін қабыққа болат немесе сымдардан жасалған құрсауды салады. Алюминий қабық және болат құрсау өз кезегінде даттан және химиялық әсерден қорғалуға тиісті. Ол үшін қабық пен құрсау арасында ішкі және сыртқы қорғаныс қабаттарын салады. Ішкі қорғаныс қабаты (немесе құрсау астындағы жастық) – бұл қаныққан мақтақағаз иірген жібінен (пряжи) немесе кабельдік сульфат қағазынан жасалған кендір қабаты (джутовая прослойка). Осы қағаздың үстіне тағы екі поливинилхлорид таспаларын салады. Сыртқы қорғаныс қабаты да датқа қарсы құраммен қаныққан кендірден тұрады. Өртке қауіпті туннельдерде және басқа жерлерде жанбайтын қорғаныс қабаттары бар арнаулы кабельдерді қолданады.

4.1 суретінде оқшауламасы қағаз 1 – 10 кВ үшталсымды кабель көрсетілген.



1 – алюминий ток өткізетін талсымдар; 2 – маймен қаныққан қағаз (фазалық оқшаулама); 3 – кендір толтырғыштары; 4 – маймен қаныққан қағаз (белдік оқшаулама); 5 – қорғасын немесе алюминий қабығы; 6 – кендірден жасалған қабат; 7 – болат таспа құрсауы; 8 - кендір қабаты.

4.1 суреті – Секторлық талсымдары бар кернеуі 1-10 кВ үшталсымды кабельдің құрылысы

Кабельдердің маркалары олардың қиыстырмасын сипаттайтын сөздердің бастапқы әріптерінен тұрады. Бірінші А әрпі алюминий талсымдарына сәйкес келеді. Кабельдердің қабықтары әріптермен белгіленеді: А – алюминий, С – қорғасын, В – поливинилхлорид, Н – резина, наирит; П – полиэтилен; талсымдары бөлек қорғасындалған кабельдер О әрпімен маркаланады. Әртүрлі құрсауланған қорғаныс қабаттары бар кабельдердің маркалары келесі әріптермен белгіленеді: Б – болат таспалар, П – жалпақ болат мырышталған (оцинкованные) сымдар, К - сондай сымдар, бірақ жұмыр.


Кабельдің маркасымен қатар әдетте кабельдің ток өткізетін талсымдарының саны мен қимасын көрсетеді. Мысалы, ААБ 3х120 мәнісі: талсымдары алюминий, алюминий қабығындағы, болат таспалармен құрсауланған, қимасы 120 мм² үш талсымы бар кабель.

Газбен толтырылған кабельдер 10 – 110 кВ кернеулерінде қолданылады. Бұл компаундтың салыстырмалы аз санымен қаныққан оқшаулайтын қағазы бар қорғасындалған кабельдер. Кабель инерттік газдың аз мөлшерден тыс

қысымында тұрады (әдетте азот), бұл қағаздың оқшаулама қасиеттерін едәуір көтереді. Қысымның тұрақтылығы кеткен газдың үзіліссіз орын толтыруымен өтемделеді.

Кернеуі 110 және 220 кВ айнымалы токтың кабельдері *маймен толтырылып* жасалынады. Май қысымда болады. Осыған байланысты орта (110 кВ тораптары үшін) және жоғары (220 кВ үшін) қысымдардың кабельдерін айырады. Майдың қысымы желі трассасында орнатылған қысым бактарымен сүйемелденеді. Майдың қысымы тесілудің негізгі себептерінің бірін жойып, ауа мен иондалудың пайда болуын болдырмайды. Майдың ағатын орындарын табу үшін кабельдер май қысымының сигнализациясымен жабдықталады.

Соңғы кезде эксплуатацияда оқшауламасы тігілген полиэтиленнен жасалған кабельдер кеңінен қолданылуда (4.2 суреті).



1 – ток өткізетін талсым; 2 – тігілген полиэтиленнен жасалған оқшаулама; 3 – белдік оқшаулама; 4 – тоқылмаған материалдан жасалған біріктіретін таспа; 5 – полиэтиленнен жасалған белдік оқшаулама; 6 – екі болат таспадан жасалған құрсау; 7 – битум; 8 – полиэтилентерефталат үлпегінен жасалған орам; 9 – полиэтиленнен жасалған қабық.

4.2 суреті – Оқшауламасы тігілген полиэтиленнен жасалған кабельдің қиыстырмасы

Қазіргі уақытта Еуропа және Американың өндірісі дамыған елдерінде іс жүзінде күштік кабельдер нарығының 100% оқшауламасы тігілген полиэтиленнен жасалған кабельдер алады. Оқшауламасы қаныққан қағаз кабельдерінен оқшауламасы тігілген полиэтиленнен жасалған кабельдерге өту эксплуатация жасайтын ұйымдардың кабельдердің техникалық параметрлеріне қоятын талаптарының өсуімен байланысты. Мұнда бұл кабельдердің құндылықтары айқын.

Олардың кейбіреулерін қарастырайық:

- жоғары өткізу қабілеті;
- аз салмағы, аз диаметрі және иілу радиусы;
- төменгі зақымдалуы;
- полиэтилен оқшауламасының тығыздығы аз, салыстырмалы диэлектрлік өтімділігі және диэлектрлік шығындар коэффициенті мәндерінің аздығы;
- күрделі трассаларда төсеу;
- арнаулы жабдықты пайдаланбай монтаждау;
- төсеудің өзіндік құнының едәуір төмендеуі.

Оқшауламасы тігілген полиэтиленнен жасалған кабельдерінің ерекше қасиеттері қолданылатын оқшаулама материалына байланысты. Полиэтилен қазіргі уақытта кабельдерді жасағанда ең көп қолданылатын оқшаулама материалдарының бірі болып табылады. Бірақ бұрыннан термопластикалық полиэтиленнің маңызды кемшіліктері бар, олардың бастысы балқу температурасына жақын температураларда механикалық қасиеттерінің күрт нашарлауы. Бұл проблеманың шешімі тігілген полиэтиленді қолдану болды.

5 лекция. Электрэнергияны қашықтыққа жеткізу

Лекцияның мазмұны: энергияны айнымалы және тұрақты токпен қашықтыққа жеткізу.

